Таким образом, для развития социального предпринимательства в Казахстане уполномоченным органам исполнительной власти следует решить вопрос систематизации и совершенствование нормативной правовой базы по вопросам социального предпринимательства. Необходимо четко ограничить эту сферу деятельности, придать ей определенный статус, что позволит более активно продвигать модель социального предпринимательства в регионах. Между тем нельзя говорить, что государство не оказывает помощи социальным предпринимателям. Например, в рамках поддержки реализации социальных проектов свою деятельность осуществляет Фонд развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» (входит в структуру квазигосударственной корпорации «Самрук-Казына»), одной из целей которого является поддержка социальных предпринимателей [9]. Но, как показывает анализ реализованных проектов [10], деятельность Фонда, в силу его специализации, направлена на реализацию достаточно крупных проектов. Государственная поддержка данного вида деятельности даст очевидный мультипликативный эффект: одновременно с решением определенной социальной задачи создается и новый источник налоговых поступлений. Особо важно отметить тот факт, что среди факторов, оказывающих наибольшее негативное влияние на условия ведения бизнеса в

нашей стране, предприниматели примерно в равной степени выделяют как макроэкономические, так и институциональные проблемы. К ним относят дороговизна кредита (17,6 %), Отсутствие инфраструктуры поддержки соц. предпринимательства (15,5 %), низкая квалификация лиц, принимающих решения, во многих экономических сферах (проблемы взаимодействия с органами власти, бюрократические барьеры) (10,6 %) и информационно-коммуникационные трудности, низкий уровень информированности о соц. предпринимательстве и низкая информативность об изменениях в законодательстве.

Следящей важной задачей является активное информационное сопровождение, проведение просветительской кампании. Модель социального предпринимательства позволяет освещать идеи и результаты проектов в СМИ, в отличие, например, от благотворительности, в случае с которой публичность не всегда уместна. Информационная кампания должна быть ориентирована на три ключевые аудитории: широкую общественность, представителей региональных органов власти и потенциальных социальных предпринимателей. Привлечение внимания общественности призвано изменить отношение людей к самому феномену социального предпринимательства, продемонстрировать его жизнеспособность и общественную значимость.

Вдобавок к вышесказанным заключениям мы можем сказать, что в настоящее время перед государством, институтами гражданского общества и рядовым населением стоит задача обратить повышенное внимание к проблемам и особенностям развития социального предпринимательства в Казахстане. Это необходимо по той причине, что в условиях современной рыночной экономики бизнес все чаще берет на себя различные задачи по развитию и совершенствованию всех сфер общественной жизни. А появление и развитие социального предпринимательства не только позволяет повысить уровень доступности к тем или иным видам товаров и услуг, но способствует смягчению или даже решению многих сложившихся социальных проблем, что способствует повышению уровня благосостояния населения и делает бизнес надежным партнером государства в реализации социальной политики.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Экспертное обсуждение. «Развитие социального предпринимательства в Казахстане: опыт, барьеры, решения». // Аналитическая группа «Кипр», Фонд Сорос-Казахстан. [Электронный ресурс]. – URL. : <http://agkipr.kz/archives/816>

2 Баталина, М. Обзор опыта и концепции социального предпринимательства с учетом возможностей его применения в современной России / М. Баталина, А.

Московская, Л. Тарадина. – М. : ГУ ВШЭ, 2008. – 81 с. – (Препринт / ГУ ВШЭ ; WP1/2008/02). – с. 10.

3 **Defourny, J.** Conceptions of social enterprise and social entrepreneurship in Europe and the United States: convergences and divergences / J. Defourny, M. Nyssens // J. of Social Entrepreneurship. – 2010. – Vol. 1,iss. 1. – P. 32–53. – с. 43.

4 A map of social enterprises and their ecosystems in Europe. Synthesis report. – Luxembourg : Publications Office of European Union, 2015. – 169 p.

5 **Арай, Ю. Н.** Социальное предпринимательство в начале XXI века: основные понятия и страновые особенности / Ю. Н. Арай // Российский журн. менеджмента. – 2013. – Т. 11, № 1. – С. 111–130.

6 **Булхайрова, Ж. С.** Социальное предпринимательство в Казахстане - Дань моде или необходимость? [Электронный ресурс]. – URL. : <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30787608>

7 **Московская, А. А., Соболева, И. В.** Социальное предпринимательство в системе социальной политики: мировой опыт и перспективы России // Проблемы прогнозирования. – 2016. – № 6. – с. 701.

8 **Закирова, А. Э., Ахмедина, Г. Б.** Взаимодействие власти и предпринимательских структур в контексте современности // Экономика и предпринимательство. – 2017. – № 9-1 (86-1). С. 459–464.

9 Фонд развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust». [Электронный ресурс]. – URL : <http://www.sk-trust.kz/ru/menin-elim> (дата обращения: 26.11.2020)

10 Отчеты о деятельности «Samruk-Kazyna Trust». Sk-trust.kz. [Электронный ресурс]. – URL : <http://www.sk-trust.kz/ru/documents/otcheti> (дата обращения: 26.11.2020)

References

1 Ekspertnoe obsuzhdenie. «Razvitie social'nogo predprinimatel'stva v Kazakhstane: opyt, bar'ery, resheniya». [Expert discussion. «Development of social entrepreneurship in Kazakhstan: experience, barriers, solutions». // Analytical group «Cyprus», Soros Foundation-Kazakhstan. URL.: <http://agkipr.kz/archives/816>]

2 **Batalina, M.** Obzor opyta i koncepcii social'nogo predprinimatel'stva s uchetom vozmozhnostej ego primeneniya v sovremennoj Rossii. [Batalina, M. Review of the experience and concept of social entrepreneurship taking into account the possibilities of its application in modern Russia / M. Batalina, A. Moskovskaya, L. Taradina. – М. : HSE, 2008. – 81 p. – (Preprint / HSE; WP1 / 2008 / 02)., p. 10].

3 **Defourny, J.** Conceptions of social enterprise and social entrepreneurship in Europe and the United States: convergences and divergences. [Defourny, J.

Conceptions of social enterprise and social entrepreneurship in Europe and the United States: convergences and divergences / J. Defourny, M. Nyssens // J. of Social Entrepreneurship. – 2010. – Vol. 1,iss. 1. – P. 32–53., с. 43].

4 A map of social enterprises and their ecosystems in Europe. Synthesis report [A map of social enterprises and their ecosystems in Europe. Synthesis report. – Luxembourg: Publications Office of European Union, 2015. – 169 p.].

5 **Araj, Yu. N.** Social'noe predprinimatel'stvo v nachale XXI veka: osnovnye ponyatiya i stranovye osobennosti. [Arai, Yu. N. Social entrepreneurship at the beginning of the XXI century: basic concepts and country features / Yu. N. Arai // Russian journal. management. – 2013. – Vol. 11. – No. 1. – P. 111–130].

6 **Bulhairova, Zh. S.** Social'noe predprinimatel'stvo v Kazakhstane - Dan' mode ili neobhodimost'? [Bulhairova Zh. S. Social entrepreneurship in Kazakhstan-a Tribute to fashion or a necessity? URL. : <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30787608>]

7 **Moskovskaya, A. A., Soboleva, I. V.** Social'noe predprinimatel'stvo v sisteme social'noj politiki: mirovoj opyt i perspektivy Rossii [Moskovskaya A. A., Soboleva I. V. Social entrepreneurship in the system of social policy: world experience and prospects of Russia // Problems of forecasting. – 2016. – № 6. – с. 701.]

8 **Zakirova, A. E., Ahmedina, G. B.** Vzaimodejstvie vlasti i predprinimatel'skih struktur v kontekste sovremennosti [Zakirova A. E., Ahmedina G. B. the Interaction of power and business structures in the context of modernity // Economics and entrepreneurship. – 2017. – No. 9-1 (86-1). – P. 459-464].

9 Fond razvitiya social'nyh projektov «Samruk-Kazyna Trust». [Social projects development Fund «Samruk-Kazyna Trust». [Electronic resource].URL: <http://www.sk-trust.kz/ru/menin-elim> (date accessed: 26.11.2020)]

10 Otchety o deyatel'nosti «Samruk-Kazyna Trust». Sk-trust.kz.[Reports on the activities of «Samruk-Kazyna Trust». Sk-trust.kz. [Electronic resource].URL: <http://www.sk-trust.kz/ru/documents/otcheti> (date accessed: 26.11.2020)]

Материал поступил в редакцию 14.12.20.

М. Т. Абдикакимов¹, М. Ж. Қожамжарова², С. Х. Альмуханов³, З. С. Исакова⁴
Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің даму үрдісі

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

^{2,3,4}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Материал 14.12.20 баспаға түсті.

Trends in the development of social entrepreneurship in Kazakhstan¹Shakarim University of Semey,
Republic of Kazakhstan, Semey;^{2,3,4}Toraigrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 14.12.20.

Бұл жұмыста Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің проблемалық мәселелері зерттеледі. Автор әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту проблемаларының негізгі бағыттарын талдайды, кәсіпкерлердің әлеуметтік портретін және Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтегі қауіптілік факторларын қарайды. Айта кету керек маңызды мәселелердің бірі, бұл жұмыста «Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуетін зерттеу және оны дамытудың негізгі әдістерін әзірлеу» атты арнайы зерттеу жобасының кейбір аспектілері көрсетілген. Аталған зерттеу жобасы бұл тақырыпты зерттеу мақсатында Қазақстан Республикасының алты өңірін қамтыды.

Еліміздің экономикасында кәсіпкерліктің әлеуметтік функцияларын арттыру мақсатында мемлекеттік қолдау мен шағын және орта бизнесті ынталандыруда авторлар біршама ұсыныстарды атап көрсеткен.

Кілтті сөздер: әлеуметтік функция, кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және тәуекелдер.

This paper examines the problematic issue of social entrepreneurship in the Republic Kazakhstan. The authors analyze the main directions of social entrepreneurship development problems, considers the social portrait of entrepreneurs and risk factors in business activity in the Republic of Kazakhstan. It is worth noting that this paper shows some aspects of a custom research project – «Studying the potential of social entrepreneurship and developing fundamental methods for its development». This research project covered about six regions of the republic of Kazakhstan in order to study this topic.

To enhance the social function of entrepreneurship in the country's economy, the authors offer some recommendations on government support and stimulation of small and medium-sized businesses.

Keywords: social function, entrepreneurship, small and medium-sized businesses, state support for entrepreneurship and risk.

<https://doi.org/10.48081/EUQS9878>**А. А. Бақытжанова¹, А. Б. Шабденова², Г. Т. Алимбекова³**¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;²Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;³Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**КӘМЕЛЕТ ЖАСЫНА ТОЛМАҒАН ҚЫЗДАРДЫҢ
ЖҮКТІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІНІСІ:
ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Берілген мақалада Қазақстан Республикасының өңірлерінде 2018 жылы 15-19 жас аралығындағы жастар мен жасөспірімдер арасында репродуктивті денсаулық, жыныстық белсенділіктері мен репродуктивті денсаулықты сақтау мен қорғауға қатысты ақпараттандырылуы жайлы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері көрсетіледі. Мақалада әлеуметтану, психология, әлеуметтік-психология ғылым салалары бойынша АҚШ, Ресей және Еуропа елдері ғалымдарының еңбектері көрсетілген. Қазақстанда 15-25 жастағы жастар мен жасөспірімдер арасында жыныстық және репродуктивті денсаулық бойынша, қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулер жүргізетін Қоғамдық пікірді зерттеу орталы, «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеу орталығы» ҚБ зерттеу нәтижелері аталмыш тақырыптағы мәселенің өзектілігін айқындайды. Кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздар саны зерттеу нәтижесі бойынша 294 қыз жыныстық қатынасқа түскен, оның 49 жүкті болған, оның ішінде 30 қыз кәмелет жасына толмай бала босанған, ал 11 қыз жасанды түсік жасатса, 8 қыз өздігінен түсік тастаған. Кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың мәселелері толығымен зерттеуді талап етіп отырған өзекті мәселе.

Кілтті сөздер: жыныстық, репродуктивті денсаулық, ерте жастағы жүктілік, жасөспірімдердің жыныстық дамуы, 15–19 жастағы қыздардың жүктілігі, ЖЖБИ, АИТВ.

Кіріспе

Қоғам құрылымнан тұрады, құрылымды құрушы маңызды, ол адам. Адам өзінің әрекеттері, әлеуметтік белсенділігі, мінезі арқылы қоғамда әртүрлі қозғалыстар мен өзгерістер туындатады. Тарихи оқиғалардың барлығы жеке адамдардың уәждерінің көрінісі ретінде бола алмайды [1]; жалпы қоғамды түсіну үшін дара адамдардың іс-әрекеттері мен уәждерінің не себепті жасалынып жатқандықтарын анықтау керек. Әлеуметтанудағы психологиялық еңбектерді жазушы мен зерттеуші ретінде Дж. С. Милльді қарастырамыз, ғалым өз еңбектерінде адамдардың табиғи психикалық күйлеріне көңіл аударып зерттеу жүргізген [2]. Әлеуметтану ғылым ретінде ерте дамып, өзінше психологиялық зерттеулер жүргізгенімен Фрейдтен кейін әлеуметтануда қолданылып келген психология түсінігі толығымен өзгерді. Соңғы жылдары әлеуметтанушылар психология ғылымының әлеуметтану ғылымында жаңа, толық, нақты әлеуметтанулық теорияларды қалыптастыруда маңыздылығын мойындаған [3]. Әлеуметтанудағы психологиялық зерттеулерді Н. Смелзердің «психоанализдің әлеуметтік шектерін» анықтауы [4]; С. Жижектың психоанализ концепциясын әлеуметтану ғылымында қолдануы әлеуметтанудағы психологияның жеке ғылым ретінде қалыптасуына ықпал етті [5].

Жасөспірім шақтағы өзгерістер биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және т.б. болады. Биологиялық өзгеріс жасөспірім шақты адамның бала кезден ересектікке ауысу кезіндегі организмде болатын өзгерістерді сипаттайды. Бұл кезде организмдегі өзгерістер бір қалыпта емес, қарқынды жүреді, дене бұлшық еттері мен сүйектің қатаюы болады. Ішкі секрециядағы темірдің қарқындауы, жүрек пен қантамырлардың бір қалыпты дамымауы байқалады, осы жайлы Д. И. Фельдштейн «қан айналым жүйесінің бұзылуының жиілеуі, қан қысымының жоғарылауы, жасөспірімдердің жүректеріне аса көп салмақтың түсуі, қоздырғыштардың жылдам жұмыс істеуі оларда тез ашулану, шаршау, бас айналу мен жүрек қағысының жеделдеуіне алып келеді» [6].

Жасөспірімдердің тұлғалық дамуы жайлы талдау З. Фрейд пен А. Фрейдтың психоаналитикалық зерттеу еңбектерінде жазылған. Жасөспірімдік шақ кезінде жыныстық дамудың болуы себептерінен сексуалдық энергияның тасқыны болып, тұлғаның құрылымдарында өзгерістер алып келіп, балалық конфликтілер жаңа қарқынға ие болады. Э. Эриксон жасөспірімдік шақты тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен тұлғалық ерекшеліктерді иемденетін жастық кезең деп белгілеген. Жасөспірімдік жастық кездегі психологиялық ерекшеліктер жайлы сонымен қоса Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, Т. В. Драгунов, Д. И. Фельдштейн,

Г. А. Цукерманның еңбектерінде келтіріліп, жазылған. Л. И. Божович көбінде жасөспірімдік шақты дағдарыс кезеңі ретінде, «қалыпты потология» ретінде қарастырған.

Д. Б. Эльконин жасөспірімдік кезеңді 3 кезеңге бөліп қарастырған. Бірінші бастапқы кезеңде ол жасөспірімдік шаққа өтер алдында балаларда қандайда бір белгісіздіктер себебінен толқулар болатындығын, жасөспірімдік шақтың орта жас кезінде мінездегі қалыпты жағдайды көрген, ал жасөспірімдік шақтан жастар жас тобына ауысар кезде толқулар мен күйзелістердің айқын болатындығын айтқан. Эльконинның ойынша жасөспірімдік шақтағы психологиялық күй тікелей әлеуметтік мәнге ие, себебі осы кезде жасөспірімдер қоғамда өздерінің әлеуметтік орындарын табу үшін әрекеттер жасайды, осының негізінде мінездерінде де өзгерістер болды.

3. Фрейдтік «Психоанализ» курсына кіріспе атты еңбектерінде жыныстық дамудың бейнесанық деңгейде болып, балалық кезден бастап оны болдырмау мен оны болдырмауға адамның өзі талпынса да оның әрекеттерінде, сөздерінде айқын көрінетіндігін айтылған. Жыныстық жетілу мен әуестенуді адамның іс-әрекеті мен мінезінен анықтауға болады, дегенімен оның туындауына қандай мотив болды соны анықтау маңызды болып табылады. Д. Б. Эльконин жасөспірім шақта жаңа сана немесе ойлаудың пайда болатындығын айтқан.

Ана болу кезіндегі психология мен жасөспірім жаста бала босанған аналардың психологиясының спецификалық жақтарын әртүрлі ғылым салалары зерттеген. Соның ішінде ана болу мынадай ғылыми бағыттарда зерттеледі, олар: мәдени-тарихи феномен ретінде (Э. Бадинтер, Л. С. Выготский, И. С. Кон, Б. Корнел, М. Мид, К. Флейк-Хобсон, Э. Эриксон); биологиялық инстинктивті іс-әрекет негізінде зерттеген ғалымдар (Р. Дате, Д. Дьюсбери, И. Клифт, А. Коллинз, К. Лоренц, Н. Мартин, Н. Николсон, Д. Скузе, Н. Тинберген, К. Фабри, Л. Фаербэнкс, Р. Фоли, Р. Хайнд, Г. Харлоу); психофизиологиялық феномен негізінде зерттеушілер (А. С. Батуев, Ф. Р. Вульф, Е. В. Кушнарченко, Е. Б. Михайлов, И. А. Аршавский) зерттеген.

И. С. Кон жыныстық жетілу, жасөспірімдерді психологиялық тәрбиелеу мәселесін зерттеген, ол жыныс мәселесін отбасы мәселелерімен бірге байланысты деген; В. Е. Каган – шешілмеген және байқалмаған сексуалдық сұрақтар мен мәселелерге қатысты жастар мен жасөспірімдерде болған девиантты іс-әрекеттерді реттеу кезіндегі педагогикалық стратегияларды, бала мен жасөспірім кездегі эротизм мәселесін зерттеген. Кәмелет жасына толмай жүкті болған, осы жастағы бала босанған қыздардың жағдайының ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар Е. В. Андрюшин, А. И. Блюм,

Т. Д. Василенко, В. И. Брутман, Ю. А. Гуркина, Р. Миллер, С. Филд, А. Элстер, В. К. Юрьева т.б. Ресейде көмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың мәселесін әлеуметтік аспектіде зерттегендер олар Т. И. Греченков, Т. В. Бердникова, Т. А. Гурко, Е. Л. Путинцева, Т. Ю. Радиловская, А. В. Стукалова ғалымдар зерттеген.

Зерттеу бөлімі материалдары мен методтары

Н. Ә. Назарбаев өзінің 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында айтылған 7-ші «Адами капитал – жаңғыру негізі» міндетінде «Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек» деп айтқан болатын [7].

Қазақстандағы әйелдердің, ерлердің және жастардың репродуктивті негізгі құқықтарын қорғау, олардың жыныстық және репродуктивті денсаулығына қатысты ақысыз кеңестер беретін, моральдық-жыныстық білім беру арқылы Қазақстандағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасында жұмыстар атқаратын Жыныстық және репродуктивті денсаулық жөніндегі Қазақстан қауымдастығының (КМПА) репродуктивті және жыныстық денсаулық бойынша атқарып жатқан жұмыстары мен зерттеулерінің Біздің Қазақстан қоғамы үшін маңыздылығын атап өту керек.

«15–19 жас аралығындағы жастар мен жасөспірім топтары арасында репродуктивті денсаулықтары мен сексуалды мінез-құлықтарын, репродуктивті денсаулықты қорғау мен осы сала бойынша ақпараттарды алуға қолжетімділік деңгейін анықтау» тақырыбы бойынша Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы (ҚПЗО) зерттеу жүргізген, жобаға тапсырыс беруші ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі мен БҰҰ ЮНФПА, осы жобаны қаржыландырушы ЮНФПА және Қазақстандағы Нидерланды елшілігі, жобаға техникалық қолдау жасаған Республикалық ЖИТС орталығы.

Мақалада басты негізге алынған мәселелер: 15–19 жас аралығындағы жастардың жыныстық және репродуктивті денсаулық деңгейлерін анықтау; жыныстық өмір; контрацепциялар жайлы ақпараттарға қол жетімділігі; ЖЖБИ (ИППП) және АИТВ, ЖИТС сақтану, тексерілу жағдайлары. 15–19 жастағы қыздардың жыныстық өмірлері, жүкті болуы мен жүктіліктің салдарын анықтау.

Зерттеу пәні: әлеуметтік-психология; әлеуметтік-стратификация теориялары негізінде; девиантология; әлеуметтік- медицина.

Тақырыпты зерттеу өзектілігі: Көмелет жасына толмаған қыздардың жүктілік мәселесінің Қазақстандағы жағдайы әлеуметтік маңызды мәселе. Осы тақырып қазіргі кезде Қазақстанның барлық аймақтарында, шалғай ауылдардың барлық жерлерінде 15-19 жастағы тұрғындары арасында сауалнама жүргізуді

талап етуде. Зерттеулер мен бақылаулар жоқ болып отырғандықтан қазіргі кезде жас қыздар арасында шақалақтарды қоқысқа тастаушылар көбейді, ал осы жағдайды жасырып отырғандар қаншама. Біздің мақсатымыз, көмелет жасына толмай жүкті болып бала босанған қыздардың денсаулық жағдайлары, психологиялық денсаулығы мен әлеуметтік, экономикалық жағдайларының босанғаннан кейін, жүктілік кезінде толықтай өзгертіндігін айтқымыз келеді. Мақала барысында 15–19 жастағы жастардың жыныстық және репродуктивті, осы жастағы қыздардың жыныстық өмірлерінің ерте басталулары, жүкті болуы және жүктіліктің қалай аяқталғандығы жайлы айтамыз.

Зерттеу нысаны: 15–19 жас аралығындағы: білім беру мекемелерінде оқитын оқушылар; орта-кәсіптік және ЖОО оқитын 19 жасқа дейінгі студенттер; кәсіпорындарда жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін; әскеру борыш өтеу мен әсері қызметтегі 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер.

Зерттеудің мақсаты: 15–19 жас аралығындағы жастардың сексуалдық және репродуктивті денсаулық жағдайларын анықтау, осы бағыт бойынша ақпараттарға қол жетімділіктерін анықтау мен ЖЖЖИ мен АИТВ жайлы ақпараттандырылу деңгейін анықтау; 15-19 жас аралығындағы білім алу мекемелерінде оқитын қыздар арасында олардың жыныстық белсенділіктері мен жүктілік және жүктіліктің қалай аяқталғандығын анықтап, Қазақстандағы көмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың ахуалдарын бағалау;

Тақырыпты зерттеудегі міндетіміз: Жастар арасында жыныстық сауаттылық пен жыныстық құқық, ақпараттарға қол жетімділікті арттыру; ҚПЗО жүргізген сауалнама негізінде Қазақстандағы көмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың мәселесінің қоғам үшін өзектілігін айқындау; ҚПЗО жүргізген сауалнаманың нәтижесі негізінде ұсыныстар айту.

Зерттеудегі іріктеу жиынтығы: көп сатылы кластерлі кездейсоқ таңдау әдісі қолданылған. Қазақстан Республикасының 17 регионында аталмыш топтар арасында сауалнама жүргізілген. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны 4360. Осы зерттеуде қолданылған сауалнама бойынша диссертациялық жұмыс жазылуда және зерттеліп отырған аймақтар олар Алматы мен Алматы облысы. ҚПЗО 2018 жылы жүргізген зерттеу бойынша Алматы мен Алматы облысында 225 жасөспірім қатысқан. 2021 жылдың қаңтар айынан бастап осы екі аймақта 2018 жылы қолданылған сауалнама бойынша қайта зерттеу жүргізілетін болады.

Зерттеуде қолданылған әдіс: формализмге негізделген сандық сауалнама. Зерттеуде қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау мақсатында жиналған ақпараттарға сандық зерттеу әдісі қолданылып математикалық және статистикалық талдаулар жасалынған.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

ЮНФПА және ҚПЗО эксперттері бірлесе отырып сауалнама жасаған, сауалнама әлеуметтік-демографиялық бөлімді қоса есептеген кезде жалпы 45 сұрақтан құралған. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің категориясын көрсету, 15-19 жас аралығындағы:

Кесте 1 – Зерттеуге қатысқан 15–19 жас аралығындағы жастар (n=4360).

#	Респонденттер категориясы	n = 4360	100 %
1	Мектеп оқушылары (ауылдық/қалалық)	919	21 %
2	Колледж оқушылар	889	20 %
3	ЖОО студенттері	861	20 %
4	Әскери мекемелердегі әскери қызметкерлер	405	9 %
5	Жұмыс істейтін жастар	858	20 %
6	Жұмыс істемейтін жастар	428	10 %

Зерттеуге қатысушы респонденттердің орта жас көрсеткіштері 17,3. Қатысқан жігіттер (52,2 %), ал қыздар (47,8 %). Этникалық сипаттарына байланысты статистикалық ақпараттарға сәйкес іріктеу жиынтығы да нақты көрсетілген, ол дегеніміз біздің зерттеуге 74 % – қазақтар, 18 % орыс ұлтының өкілдері, ал қалған 8 % басқа ұлт өкілдері. Қатысушылардың білім алу тілі көбінде 61,5 % қазақ тілінде, 38 % орыс тілінде, 0,5 % басқа тілдерде білім алған. Зерттеу нысанындағы жастардың 79,7 % қалалық жерде, ал қалған 20,3 % ауылдық жерде тұрады.

Диаграмма 1 – Сіздің жыныстық қатынасқа түскен кезіңіз болды ма? (n=4360).



Кесте 2 – 1-диаграммадағы жауаптағы көрсеткіштерді гендер, тұрғылықты мекен және жастық топтар бойынша көрсету, n=4360.

1. Сіздің жыныстық қатынасқа түскен кезіңіз болды ма?			
Барлық жауаптар		Иә	Жоқ
Гендер	Қыздар	294 (14,1 %)	1790 (85,9 %)
	Ұлдар	990 (43,5 %)	1286 (56,5 %)
Тұрғылықты мекен статусы	Қала	1051 (30,2 %)	2426 (69,8 %)
	Ауыл	233 (26,4 %)	650 (73,6 %)
Жастық топ	15 жас	36 (5 %)	679 (95 %)
	16 жас	71 (9,6 %)	665 (90,4 %)
	17 жас	118 (16,5 %)	597 (83,5)
	18 жас	372 (37,5 %)	620 (62,5)
	19 жас	687 (57,2 %)	515 (42,8 %)

ҚПЗО 2018 жылы жүргізген зерттеуі [8] бойынша сауалнамаға жауап берген 15–19 жас аралығындағы 4360 жастардың ішінде жыныстық өмірді бастағандардың көрсеткіші 29,4 %, ол 1284 адам. 2-кесте бойынша жыныстық өмір сүруді бастағандар ер балалар арасында жиі кездеседі қыздармен салыстырғанда, сонымен қоса қалада тұратын жастар арасында және 19 жастағылар арасында. Жыныстық қатынасқа түскен жас көрсеткіші 17 жас, 118 жағдай. Жыныстық қатынасқа түскен орта жас 16,52 көрсетті.

Жыныстық қатынастық өмірді бастағандар 1284 респондент, енді олардың қанша жаста алғашқы жыныстық қатынасқа түскендіктерін анықтасак. n=1284.


Диаграмма 2 – Сіз қанша жасыңызда алғаш жыныстық қатынасқа түстіңіз? (n=1284).



Жыныстық өмір белсенділігі кезінде немесе жалпы алғашқы жыныстық қатынас кезінде контрацепциялық әдістерді қолданудың дұрыс жақтары көп. Біздің тақырыбымызға қатысты ол көмелет жасына толмаған қыздардың жүктілігі болса, сонымен қоса ЖЖБИ таралуыда маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан осы сұрақты қоймастан бұрын біз респонденттерге Соңғы 12 айдың ішінде бір немесе бірнеше жыныстық серіктеспен жыныстық қарым-қатынасқа түстіңіз бе деп сұрақ қойғанбыз. Нәтижесінде 1284 жыныстық қатынасқа түскендердің ішінде иә соңғы 12 айда бірнеше жыныстық серікпен болдым дегендер саны 566 болды [8, 19 б.].

Жоғарыда атаған сұраққа жауап берген 566 респондентке «Соңғы рет жыныстық қатынасқа түскен кезіңізде Сіз немесе сіздің жыныстық серігіңіз мүшеқапты қолданды ма?» деген сұрақ қойылды.

Диаграмма 3 – Соңғы рет жыныстық қатынасқа түскен кезіңізде Сіз немесе сіздің жыныстық серігіңіз мүшеқапты қолданды ма? (n=566)




566 респонденттің 91-і соңғы жыныстық қатынас кезінде контрацепциялық әдісті қолданбаған. Алғашқы қосылу немесе бірнеше рет бірге болса да жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың симптомдарын адамнан бірден анықтау көп мүмкін емес. Сондықтан да, жыныстық қатынасқа түсуден бұрын жұптар алдымен ЖЖБИ анықтауға алдымен анализдер тапсырулары, тексерулері керек.

Жыныстық қатынасқа түскен 1284 респондентке «Соңғы 12 айдың ішінде Сізде ЖЖБИ қандай да бір ғана болмасын симптом белгілері болды ма, байқалды ма?» деген сұраққа Иә ондай белгілер болды дегендер 190, жоқ ондай белгілер болмады дегендер саны 1094.

Сауалнамаға қатысқан 4360 респондентке қойылған сұрақ «Сіз сексуалдық және репродуктивтік денсаулық, оның ішінде АИТВ және ЖЖБИ туралы ақпаратты қандай дереккөздерден аласыз? (Әр жол бойынша бір жауаптан белгілеу керек)» нәтижесі 4 диаграммада.

Диаграмма 4 – Респонденттердің АИТВ және ЖЖБИ жайлы ақпараттарды қайдан алатындығын анықтау



Зерттеу бойынша көмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың мәселесі. ҚПЗО 2018 жылы жүргізген зерттеуге 2084 15-19 жас аралығындағы қыздар қатысқан. Келесі көмелеттік жасқа дейінгі жүктілік мәселесін анықтау үшін n=2084 қыздарға «Сіз жүкті болған кезіңіз болды ма?» деген сұрақ қойылған нәтижесі 3 кестеде.

Кесте 3 – «Сіз жүкті болған кезіңіз болды ма?», n=2084; p<0,05

		Иә	Жоқ	Жыныстық қатынасқа түспегендер
Жауаптарды барлық іріктеу бойынша		49 (2,4 %)	234 (11,2 %)	1801 (86,4 %)
Елді-мекен статусы (p<0,05)	Қала	44 (2,6 %)	214 (12,6 %)	1445 (84,9 %)
	Ауыл	5 (1,3 %)	20 (5,2 %)	356 (93,4)
Жас бойынша (p<0,05)	15 жас	жоқ 0	4 (1 %)	389 (99,6 %)
	16 жас	1 (0,3 %)	11 (2,9 %)	371 (96,9 %)
	17 жас	2 (0,6 %)	30 (8,4 %)	324 (91,0 %)
	18 жас	10 (2,0 %)	85 (17,3 %)	395 (80,6 %)
	19 жас	36 (7,8 %)	104 (22,5 %)	322 (69,7 %)

Біз 2 кестеде жыныстық қатынастық өмірді бастаған қыздар санын анықтадық, ол 294. Ал жалпы сұралған қыздар саны 2084 болды, олардан 3 кестедегі сұрақты қойған кезде жүкті болған қыздардың саны жалпы 49 болды. 2018 жылғы ҚПЗО зерттеуі Жыныстық қатынастық өмірді бастаған 294 қыздан «Сіз жүкті болған кезіңіз болған ба?» деген сұраққа «Иә, болғанмын» дегендер саны 49 (16,7 %), ал «Жоқ, жүкті болмағанмын» дегендер 234 (79,6 %), жауап бермегендер саны 11 (3,7 %) [8, 26 б.].

Келесі сұрақ бойынша біз сауалнамаға жауап берген 15–19 жастағы қыздардың арасында үй жағдайында жасалынған жасанды түсік жасаудың қаншалықты жиі таралған жағдай екендігін анықтағымыз келген. Бұл босанған ананың да, дүниеге келген баланың да өмірі мен денсаулықтарына зиян келтіреді. 49 респондент жүкті болғандығын айтқан (кесте 3) осылардың ішінде 30 (62 %) қыздарда жүктілік бала босанумен аяқталған, ал жасанды түсік жасаған қыздар 11 (22 %), өздігінен түсік тастаған қыздар саны 8 (16 %) [8, 27 б.]. «Жасанды түсік қай жерде жасалынды?» деген сұрақты қою арқылы біз жүкті болған қыздардың қаншалықты жиі медициналық мекемелердің қызметтерін қолданатындығын анықтадық.

Диаграмма 5 – «Жасанды түсік тастау қай жерде жасалынды?» n=11



Бұл көрсеткіштер сұралған 2084 15–19 жастағы қыздардың арасында жыныстық қатынастық өмір сүруді бастаған қыздардан сұралып алынған, оның ішінде жүкті болғандары 49, жасанды түсік жасатқандар саны 11, үй жағдайында жасанды түсік жасаған қыз 1.

Қорытынды

Қазақстандық 15–19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында көптеген мәселелер бар. Оны әртүрлі тақырыптар бойынша статистикалық жинақтарда, БАҚ материалдарынан көреміз немесе өзіміздің тәжірибеміз негізінде күнделікті өмірде көріп отырамыз, сезінеміз. Осы мәселелердің бірі ол Біз атап отырған жастағы жасөспірімдердің жыныстық және репродуктивті өмірлері мен денсаулықтарына, әлеуметтік жағдайларына, психологиялық көңіл күйлеріне әсер ететін жағдай олардың жыныстық өмірді тым ерте бастауы мен ЖЖБИ, АИТВ жайлы ақпараттанбауы, қыздар арасында ерте жастағы жүктіліктің болуы бар. Біз зерттеу жұмысымыз арқылы Қазақстандық жастардың жыныстық қатынас белсенділігі мен олардың ЖЖБИ ақпараттарды қайдан алатындығын және маңыздысы көмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың елімізде бар екендігін айтқымыз келеді. Тақырыпқа қатысты көптеген ақпараттар бар, көптеген ғалымдардың ойлары айтылмады, ұлттық құндылықтар да ескеріліп айтылу керек еді. Дегенімен, Біз нақты зерттеу нәтижелері арқылы Еліміздегі осындай мәселенің бар екендігін және оны білім беру мекемелерінің жасырмау керектігін, ана мен қызы, әке мен ұлы еркін жыныстық және репродуктивті мәселелер бойынша сөйлесуді бастау керек деп айтқымыз келеді.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес Біздің ұсыныстарымыз:

Білім беру мекемелерінде білікті, құзыретті мамандардан құралған еріктілер білім алушыларға «Тенге-Тең» (Равный-Равному) принципі негізінде жыныстық жыне репродуктивті денсаулық, құқық сұрақтары бойынша тренингтер мен ашық сабақтарды көбейту керек.

Білім беру мекемелерінде қыздар мен ұлдарға арналған тәрбие сағаттары болуы керек. Оныда білім беру мекемесінің педагогтары емес осы саланың білікті жас мамандары келіп тәрбие сағатын өткізулері керек.

2020 жылдың қыркүйек айынан КМПА «Телефон арқылы тегін консультациялық кеңестер беру жұмысын ұйымдастыру» жобасы жайлы барлық адамдар білу керек. Жоба аясында қоғамның әлеуметтік осал топтары, жастар, ерлер мен әйелдер еркін және тегін 8-8000-040-540 хабарласу арқылы жүктілікті алдын алу, контрацепциялық әдістер, ЖЖБИ инфекциясынан сақтану, ана сүтімен бала емізудің маңызы, босанғаннан кейінгі қалыпқа келу сұрақтары бойынша тегін консультациялық қызметтер көрсетіледі.

Жастар мен жасөспірімдердің жыныстық және репродуктивті денсаулықтары, құқықтары жайлы жұмыстарды атқарып жүрген ЮНФПА, КМПА қызметкерлеріне, КМПА «Теңге-Тең» 15–25 жас аралығындағыларға тегін жасап жүрген тренингтеріне, инстаграмм әлеуметтік желісіндегі «Ne Tabu» еріктілеріне алғыс айтқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 **Рансимен, У. Г.** Трактат по социальной теории . – Vol. 2. – Кембридж, 1989. – 145 с.
- 2 **Лидман, С.** От Платона до Горбачева: история политических идей. Издатель «Стокгольм : Бонье». – Стокгольм, 1991. – С. 45–47.
- 3 **Рансимен, У. Г.** Трактат по социальной теории. Vol. 1. – Кембридж, 1983. – 102 с.
- 4 **Смелсер, Н.** Социальные грани психоанализа. Издатель : Калифорнийский университет Press; – Калифорния, 1998. – 42 с.
- 5 **Жижек, С.** Щекотливый субъект: Отсутствующий центр политической онтологии. – Лондон : Verso, 1999. – 52 с.
- 6 **Краснопольский, В. Н., Савельева, И. С., Белохвостова, Ю. Б., Соколова, И. И., Ерофеева, Л. В.** Планирование семьи и репродуктивное здоровье девочек-подростков и молодых женщин // Вестник Российской Ассоциации Акушеров-Гинекологов. – 2012. – №1. – 124 с.
- 7 **Назарбаев, Н. Ә.** Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. [Электронды ресурсы]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar.
- 8 «Социологическое исследование по изучению состояния репродуктивного здоровья подростков и молодых людей 15–19 лет, их сексуального поведения и доступа к услугам и информации в области охраны репродуктивного

здоровья», исследование проведено исследовательской организацией ТОО «Центр Изучения Общественного Мнения» (ЦИОМ) ПО ЗАКАЗУ Министерства Здравоохранения РК и Фонда ООН в области народонаселения (ЮНФПА) при финансовой поддержке ЮНФПА и Посольства Нидерландов в Казахстане и технической поддержке Республиканского центра СПИД. [Текст] // Отчет о результатах исследования. – Алматы, 2018.

9 «Выявление ситуации и условий по обеспечению безопасного сексуального поведения несовершеннолетних и молодежи до 19 лет» Подготовлен для: Фонд ООН в области народонаселения (ЮНФПА). Исследования Общественного фонда «Центр социальных и политических исследований «Стратегия». [Текст] // Отчет о результатах исследования. – Алматы, 2019.

10 «Осведомленность о методах контрацепции и вопросам планирования семьи среди подростков и молодежи» Подготовлен для: Фонд ООН в области народонаселения (ЮНФПА). Исследования Общественного фонда «Центр социальных и политических исследований «Стратегия». [Текст] // Отчет о результатах исследования. – Алматы, 2019.

References

- 1 **Runciman, W. G.** [A treatise on social theory]. Vol. 2, Cambridge. – 1989. – 145 p.
- 2 **Lidman, S.** Ot Platona do Gorbajova: istoriya politicheskix idei. [Fran Platon till Gorbatjov. Stockholm] –1991. – 45–47 p.
- 3 **Runciman, W. G.** Tractatposocial’noiteorii.[Runciman W.G. A treatise on social theory].Vol. 1. – Cambridge. –1983.– 102 p.
- 4 **Smelser, N.** Social’nyegrani psychoanalyze [The Social Edges of Psychoanalysis]. – Berkeley, Calif, 1998. – 42 p.
- 5 **Zizek, S.** Shekotlivyisýb’ekt: otsutstvyyushı center polititecheskoıontologii. [Zizek S. The Ticklish Subject]. – London, 1999. – 52 p.
- 6 **Krasnopol’sku, V. N., Savel’eva, I. S., Beloxvostova, Yu. B., Sokolova, I. I., Erofeeva, L. V.** Januya bolýdy josparlaý men jasóspirim qyzdar men jas áielderdiń reproduktivti densaýlyqtary. [Family planning and reproductive health of adolescent girls and young women] // Bulletin of the Russian Association of Obstetricians- Gynecologists. – 2012. – No 1. – 124 p.
- 7 **Nazarbaev, N. Á.** Qazaqstan halqyna joldaýy, 2018 jylgy, 10 qańtar [State of the Nation Address by the President January 10, 2018]. [Electronic resource]. –https://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar.

8 «15–19 жас аралығындағы жастар мен жасөспірім тоptary арасында reproductivti densauyqtary мен seksýaldy minez-qulyqtaryn, reproductivti densaylyqty qorǵaý men osy sala boıynsha aqparattardy alýǵa qoljetimdilik deńgein anyqtaý». [Sociological research on the study of the reproductive health of adolescents and young people 15-19 years old, their sexual behavior and access to services and information in the field of reproductive health]. –Public Opinion Research Center (CIOM). – Almaty, 2018.

9 «19 жасқа deingi жастар мен жасөспірімder арасында qaýipsiz jynystyq qatynas jaǵdailaryn anyqtaý men qaýipsiz qatynasqa sharttar jasaý» [«Identifying the situation and conditions for ensuring safe sexual behavior for minors and young people under 19»]. Prepared for: United Nations Population Fund (UNFPA). Research by the Public Foundation «Center for Social and Political Research» Strategy». – Almaty, 2019.

10 «Jastar men жасөспірімderdiń kontrasepsiya jáne januya bolýdy josparlaý jailı aqparattandyrylýyn anyqtaý». [«Awareness of contraception and family planning among adolescents and young people»]. Prepared for: United Nations Population Fund (UNFPA). Research by the Public Foundation «Center for Social and Political Research» Strategy». –Almaty, 2019.

А. А. Бакытжанова¹, А. Б. Шабденова², Г. Т. Алимбекова³

Проблема беременности среди несовершеннолетних девушек в Казахстане: результаты социологического исследования

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, Алматы;

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, Алматы;

³Центр изучения общественного мнения,
Республика Казахстан, Алматы.

Материал поступил в редакцию 14.12.20.

A. A. Baqytzhanova¹, A. B. Shabdenova², G. T. Alimbekova³

Problem of pregnancy among young girls in Kazakhstan: results of sociological research

¹ Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Public Opinion Research Center (CIOM),

Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 14.12.20.

В данной статье представлены результаты социологического исследования репродуктивного здоровья, сексуальной активности и осведомленности о репродуктивном здоровье среди молодежи и подростков в возрасте 15-19 лет. В статье представлены теоретические работы исследователей в области социальных наук из США, Европы и России. Эмпирическую часть статьи представляют исследования, проведенные Центром Изучения Общественного Мнения (ЦИОМ) и Центром социальных и политических исследований «Стратегия» в 2018-2019 году. По данным опроса ЦИОМ, 294 девушек в возрасте 15-19 лет были в половых контактах, 49 из них были беременными, из них у 30 девушек беременность закончилась родами, 11 девочек сделали аборт и у восьми девушек случился выкидыш. В целом проведенные исследования показали, что проблема ранней беременности среди несовершеннолетних девушек – актуальная проблема, требующая дальнейшего тщательного изучения.

Ключевые слова: сексуальное и репродуктивное здоровье; ранняя беременность; половое развитие подростков; беременность девушек 15-19 лет; ИППП; ВИЧ.

This article presents the results of a sociological study of reproductive health, sexual activity and awareness of reproductive health among young people and adolescents aged 15-19 years. The article presents the theoretical work of social science researchers from the United States, Europe and Russia. The empirical part of the article is presented by studies carried out by the Center for Study of Public Opinion (CIOM) and the Center for Social and Political Research «Strategy» in 2018–2019. According to the CIOM survey, 294 girls aged 15-19 had sexual intercourse, 49 of them were pregnant, 30 of them ended up in childbirth, 11 girls had an abortion and eight girls had miscarriages. In general, the studies have shown that the problem of early pregnancy among underage girls is an urgent problem that requires further careful study.

Keywords: sexual and reproductive health: early pregnancy; sexual development of adolescents; pregnancy of girls 15-19 years old; STIs; HIV.

<https://doi.org/10.48081/NEIK4945>

А. И. Бегимтаев, Е. Жуматаева

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

САЙЛАНУШЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ӨРКЕНДЕТУДІҢ ТАҒЫЛЫМДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада сайланушының басымдық индикаторы – өз елінің жарқын, бостандықта, байқуатты өмір сүрулеріне қам жасарлық, тағылымы мен прагматикалық тәсілдерінің шынайы тұрғыда көрініс беруі негізге алынған. Сайланушының көшбасылық құзыреттің әдіснамалық негізін, тағылымдылық негізін, ішкі интеллектуалды әлеуетінің алар орны айқындалған. «Көшбасы» мен «көшбасшы» ұғымдарының мәнін ашып, олардың өзара айырмашылықтары жіктеліп жазылған. Е. Семактың «Лидерство и руководство», О. И. Елизарованың «Организация производства и менеджмент», И. Молчановтың «Основы лидерства» еңбектеріне талдау жасай келе, сайланушының «ішкі қасиеттердің қалыптасуы» деген ұғым біздерге қозғаушы күш болып, оған «ішкі ойлау, интеллектуалды әлеует» секілді ұғымдарды қосқанда ғана сайланушының көшбасылық құзыреттің алға ілгерілеуіне мүмкіндік беретіні баяндалады.

Көшбасылық құзыреттің ілгерілеуі сайланушының сайлану кезеңінен әлдеқайда бұрынырақ өркендеуі қарастырылады. Мінез-құлықты жан-жақты дамыту мен нығайтуды басымылыққа ала отырып көшбасының жеке қасиеттерді дамытатын негізгі шарттарды жіктеп көрсетеді. Р. Л. Кричевскийдің еңбегін талдай отырып, тұжырымдамалық түзілім құрастырады. Сайланушылардың бойында тұтастай халқын соңынан ерте аларлық рухының биік, қарымының өте мықты, коммуникативтік шеберлігі сияқты тұлғалық қасиеттерінің болуы керек екендігі баяндалады.

Кілтті сөздер: көшбасы, басқару, құзыреттілік, сайланушы, қабілет.

Kіріспе

Мемлекеттің алыс жақын болашағын нұскалы тұрғыда құрудың бір тәсілі – сайлау және сайлану құқығы. Мемлекет тарапынан сайлауға қатысушыларға толықтай дерлік мүмкіндіктер берілген.

Сайланушының басымдық индикаторы – өз елінің жарқын, бостандықта, байқуатты өмір сүрулеріне қам жасарлық, тағылымы мен прагматикалық тәсілдерінің шынайы тұрғыда көрініс беруі. Бұл орайда, олардың көшбасылық құзыреттілігінің сыртқы нышанының көрсеткіш сапасымен байқалуы құнды болмақ. Көшбасылық құзыреттің әдіснамалық негізі деген не? Көшбасының артынан адамдарды ілестейре алуына қандай құзыреттілік керек? Тағылымдық көшбасының прагматикалық тәсілі болмаған жағдайда оның нендей ситуацияға ұрынуы мүмкін? Көшбасылық құзыреттің тағылымдық қабілеті басым болып, насихатшылық қабілеті одан жоғары деңгейде болғанда, оны қандай нәтиже күтіп тұр?

Зерттеудің мақсаты: сайланушылардың құзыретін өркетудің тағылымдық негіздерін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

«Мен» тұлғалық ішкі ұстанымының «Менде көшбасылық құзыретке жеткізбейтін мәселеліктер бар ма?» – деген салиқалы сауал қоюға дағдыландың ба? Міне, осындай сайланушының ішкі ойлау интеллектуалды әлеуетінің қорлануы болғанда ғана аталып отырған сауалдарға өз-өзімен сұқбатқа түсуі жүзеге аспақ. Ішкі ойлау әлеуетін интеллектуалдылыққа бағдарлаудың мүмкіндігін туғызуға қозғаушы күш боларлық әдіснама негізін бірталай зерттеушілер зердеген.

Е. Семак өзінің «Лидерство и руководство» еңбегінде, О. И. Елизарова «Организация производства и менеджмент» [2] және И. Молчанов «Основы лидерства» [3] еңбектерінде көшбасылық құзыреттің ғылыми негіздерін қалаған.

Көрсетіп отырған еңбектердегі тағылымдық тұжырымдар төмендегідей:

– ешкімге айтпаған ішкі ең батыл арманыңызды орындайтын, қаншалықты дәрежеде қажетті уәжіңізге жарарлық құзыретті, қабілетті өзіңізден бернелер едіңіз?

– «Шарықтау», «құлдырау», «қиналу» секілді ішкі сырларыңызды байқауға оның басымдығын алға ілгерілетуге іштей қам жасай аласыз ба?

– Адамдарды соңыңыздан ертуге нендей қабілеттер, тәсілдер себеп болды?

– Өзіңіздің ішкі ойлау, интеллектуалды әлеуетіңізді іс-әрекетіңізге қосқанда, әлемдегі адамдарды қуантарлық, олардың жан-айғайы мен

амалсыз-дәрменсіз хал-ахуалдарын жойып, жаңа ұстанымдағы адам жасай алатын құзырет пайда болатынына сеніміңіз бар ма?

– Күйзеліске ұшыраған кезеңдеріңізден арылу өнері көмекке келетіндей қандай қадам жасай аласыз? Негізінде, аталып отырған үш еңбектегі ой-тұжырымдар жоғарыдағыдай түзілім-таксономия құруға мүмкіндік бергенімен, біздер «ішкі ойлау, интеллектуалды әлеует» ұғымдарын аталып отырған ғалымдардың еңбектеріне қосуды жөн көрдік.

Зерттеушілердің «ішкі қасиеттердің қалыптасуы» деген ұғым біздерге қозғаушы күш болып, оған «ішкі ойлау, интеллектуалды әлеует» секілді ұғымдарды қосқанда ғана сайланушының көшбасшылық құзыреттің алға ілгерілеуіне мүмкіндік беретіні байқалды. Көшбасшылық құзыреттің ілгерілеуі сайланушының сайлану кезеңінен әлдеқайда бұрынырақ өркендеуі қарастырылады.

Сайланушының аталған ішкі ойлау іс-әрекеті талай күйзелістік деңгейлерден өтеді. Бұл күйделіс адамның ішкі қорланған ішкі ойы мен тағылымдарды ұдайы жоғарлатып жіберуге қызмет етеді.

Егер күйзеліс туындағанда ішкі жиналған ойлау үдерісі мен интеллектуалды әлеуеті жоғалып отырса, онда сайланушының көшбасшылық құзыретке жетуі сағым қуғанмен бірдей. Күйзеліс, тығырыққа келу, шарасыздық сияқты терісқақпай қылықтар мінез-құлықты айқындап, не шығар жол мен тәсілді табуға немесе керісінше мінез-құлықтың ең жаман тұстарының бой көтеруіне әкеліп соғады. Сайланушының көшбасшылық құзыретінің жан-жақты өркендеуіне мінез-құлықтың атқарар ролі айрықша.

Өкінішке орай, мінез-құлықты тізгіндеп, үнемі оңтайлы жаққа бұрып отыру үдерісі сайланушыда дағдыдан механистік деңгейге айналса ғана көшбасшылық құлықты, ықылас пен ыждаһатты меңгеруге мүмкіндік болады. Өзінің ішкі ұстанымымен мінез-құлқын реттей аларлық ішкі ойлау мен интеллектуалды әлеуеті қажетті кезде іске көмек бергенде сайланушы өз мінезін басқара алатын дәрежеге қол жеткізеді.

Аталып отырған ауыр жұмыстың нәтижесінде, көшбасшылық құзыретін өзі сезетіндей ситуация туады. Сайланушы өзінің көшбасшылық құзыретін жұптық жұмыстан бағамдай аларлық тәсілді аңғара бастайды. Алғашқы кезеңде жеке мүмкіндігін байқай отырып, көшбасшылық құзыретке қажетті қабілеттердің өз бойында бар екеніне көзі жете бастайды. Ал жұптық сұқбатта кімнің соңынан еретіні айдан-анық байқалады. Топтық жұмыста командаға жетекшілік жасайтын ықпалын өзі аңғарғанда ғана көшбасшылық құзыреттің беки түсетіні белгі береді. Мінез-құлықты жан-жақты дамыту мен нығайту – бұл көшбасшылық қана емес, жеке қасиеттерді дамытатын біздің негізгі шартымыз.

– Бірінші негізі, өзінің соңынан еретіндей, басқалардың мінез-құлқын анықтайды. Жұптағы көшбасы – құлдық мінез-құлқын анықтайтын басқа біреу ол басқаратын адам. Командада көшбасшы – командаға жетекшілік ететін, топқа ықпалы басқа адамдарға қарағанда көбірек;

– Екінші негізі, көшбасы және жетекші адамдардың мәртебесінің басым екендігі;

– Үшінші негізі, оның ықпалы лауазымның күшімен байланысты, ресми көшбасшы болып табылады. Көшбасшылықты басқаратын адам оның лауазымына қарамастан, бейресми көшбасы болып табылады.

Индивидтің жеке қасиеттері, оның жеке басының күші әсер ететін адам харизматикалық көшбасы болып табылады. Сайланушы өз әріптесін немесе командасына әсер етуді шешсе, бұл – көшбасы. Көшбасынан айырмашылығы, көшбасшының күші түсініксіз. Бір адамның біреуін қадағалап отырғаны анық болса, неге түсініксіз болса, сол адамнан қандай да бір ішкі күш секілді, оны көшбасы деп атайды. Сондықтан харизматикалық көшбасының идеясы кеңінен таралған, ал формальды көшбасшы – бұл ұятсыз концепция. «Өйткені, егер ол басқа біреудің күшіне құлақ асса, ол қалай тағайындалған болса, ол қандай көшбасшы?» Осындай тұжырымдарды жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінен саралай кере біздерде төмендегідей ой-бағам туындады:

– Жұпқа көшбасшылық жасау бүтіндей халықты соңынан ертеді дегенге сендірмейді.

– Жұптағы көшбасы қарамағындағы адамдардың құлдық мінез-құлқын анықтайды деген ұстаным дұрыс еместігі, себебі көшбасының феноменді қадамдарына құлдық мінез-құлықтағы адам ілесе алмайды, бірақ көшбасыдан ілесуші адамның интеллектуалды әлеуеті әлдеқайда төмен болуы – заңдылық.

– «Харизматикалық көшбасы» деген зерттеушілердің идеясы орынды, бірақ формальды көшбасы жайлы айтқан «ұятсыз концепция» деген бағалауды біздер құптай алмаймыз.

– «Ұятсыз концепцияны» зерттеушілер еңбегінде формальды дей отырып, оған мынандай түсініктеме берілген: «Көшбасы біреудің күшіне құлақ асса, ол тағайындалған болса, ол қандай көшбасы?»

Бұл түсініктемені құптай отырып, көшбасы тағайындалмайды, бірақ ол таныс емес адамдарды соңынан ерте алатындай батылдық, тәуекелшіл, рухы биік, эмоциясы жағымды, дауыс ырғағы, можорлы герцпен сөйлей алуы және т.б. қасиеттерімен ерекшеленеді.

Екінші ретте аталған зерттеушілердің еңбектерінде топ жетекшісі ретінде мәртебелі адамдарды іздейтініне мән берілген. Бұл тұжырымды

Осылайша, трансплантология мәселесі медицина саласында өз шешімін тапты. Әлемнің дамыған мемлекеттері трансплантациялық оталар арқылы адамзаттың өмірін ұзартты, медицина саласы эволюциялық деңгейден өтті, сонымен қатар медициналық туризмнің алғашқы баспалдағын

қалыптастырды. Алайда, трансплантация саласы үшін қажетті ресурс – донор мәселесі толыққанды шешілген жоқ. Осы кезеңнен бастап трансплантация саласының дамуы, қоғамға әр түрлі этикалық қайшылықтар мен заңға қайшы жағдаяттарды алып келді. Аталмыш мәселелер XX ғасырдың соңында орын алғанымен, бүгінгі күнге дейін өз шешімін таппады. Мысалы, елімізде орган донорлығының құқықтық-этикалық аспектілері заң аясында толық шешімін таппай отыр. Себебі, орган донорлығы барысында медицина қызметкерлерінің әлеуеті, ми семуі анықталған жағдайдағы тұлғаның туыстары және медицина қызметкері арасындағы коммуникация мәселесі, медицина қызметкерлерінің құқықтары қорғалмаған. Сондай-ақ, орган донорлығы мәселесіне қатысты қоғамның ақпараттандырылмауы, донорлық ресурстар тапшылығына өз әсерін тигізуде. Толық ақпараттандырылмаған қоғам, елімізде орган донорлығына қатысты бірауызды заң жобасының қабылдануына кері ықпалын тигізуде. Сол себепті, донорлардың құқықтары мен заңдық қызығушылықтарының сақталуына кепілдеме беретін амалдарды (заңдарды) социологиялық талдау жұмыстың маңыздылығын арттырады. Сондықтан да, ақпаратты қоғамда адам – қоғам-дәрігер-адам арасындағы биоэтикалық қарым-қатынас шиеленісінің шешімін табу өзекті болып саналады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Аталмыш мәселені зерттеу үшін ҚР № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ұсынылған заң жобасы және ағза донорлығы мен трансплантология саласындағы адам-қоғам-заң – дәрігер – реципиент қатынасындағы биоэтика принциптері негізге алынады. Донор мен реципиент арасындағы құқықтық-этикалық аспектілерді зерттеуде социологиялық талдау, салыстыру, гипотеза әдістері қолданылған.

Зерттеудің барысы мен нәтижесі. Елімізде трансплантология саласы қарқынды даму үрдісінде, себебі, республикамызда жүрек, бүйрек сынды маңызды органдар трансплантталады. 2020 жылдың 7 шілдесінде ҚР № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заң жобасы халыққа ұсынылды. Алайда, аталмыш заң аясында құқықтық-этикалық қайшылықтар туындауда. Мысалы, (210 бап. Тірі кезіндегі донордан ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау тәртібі) «Он сегіз жастан асқан, әрекетке қабілетті, реципиентпен генетикалық байланыста және (немесе) онымен тіндік үйлесімділігі бар адам донор бола алады, транспланттау үшін органды (органның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алып қоюға қатысты нотариатта куәландырылған жазбаша келісім болуы шарт» [6]. Аталмыш бап бойынша генетикалық байланысы бар адамдар ғана донор бола алады, заң бойынша қос органның біреуін ғана бере алады, сондай-ақ донордың

денсаулығына еш зиян келмеуі тиіс. Донор мен реципиент арасындағы генетикалық байланысты этикалық комиссия анықтайды. Алайда, бұл үрдіс туысқан арасындағы альтруистік қатынасқа негізделіп отыр. Донор болған адам, міндетті түрде биологиялық, психологиялық тұрғыда зардап шегеді. Трансплантациялық процестен кейін, қос органның біреуінен айырылған адам психологиялық-моральдық күйзелісте болуы әбден мүмкін, сондай-ақ донор адамның денсаулығының донорлыққа дейінгі қалпы сақталуы екіталай. Донор болған адамның денсаулығында бірнеше жылдан кейін кінәрат табылуы да ғажап емес. Сол себепті, аталмыш үрдіс биоэтикалық принциптерге қайшы келіп отыр, «зиян келтірме» тұжырымдамасы биотикалық принциптің бірінші ұстанымы болып табылады [7].

Биоэтикалық принциптің екінші қағидаты «жақсылық жаса» [7], яғни ізгі іс-әрекет жаса, бірақ «зиян келтірме».

Екіншіден, донор болған адамның өмірлік әлеуметтік мәселесі дұрыс шешімін табуы тиіс. Аталмыш заң аясында донордың қоғамдағы орны қарастырылған (214 бап. Жұмыс берушілер мен ұйым басшыларының ағзалар (орган бөлігі) және (немесе) тіндер (тін бөлігі) донорларына жағдай жасауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер) [6]. Мысалы, «Ағзалардың (органның бір бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тіннің бір бөлігінің) доноры болып табылатын жұмыскерге орташа айлық жалақысы сақтала отырып, транспланттау мақсатында ағзаларды (органның бір бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бір бөлігін) алу жүргізілетін медициналық ұйымға бару уақытын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық парағы беріледі». Біріншіден, донор болған адам кез-келген еңбекке қабілетті болмайды. Ауыр жұмыстар донор үшін қауіпті, сол себепті, жұмыс ауыстыру мәселесі донор үшін қиындық тудыруы мүмкін. Екіншіден, донорға мемлекет тарапынан ешқандай әлеуметтік көмек, әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылмаған.

Заңнамада қайтыс болған адамның донор болу мәселесі де қарастырылған [6]. (212 бап. Қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау тәртібі). Бүгінгі таңда, қоғам арасында қайтыс болған адам донорлығына байланысты көптеген түсінбеушіліктер орын алуды. Аталмыш заңнамада көрсетілгендей «жасы он сегізде немесе он сегізден жоғары, медициналық тұрғыда бас миының өлімі жарияланған адам органдары (органның бөліктері) және (немесе) тіндері (тіннің бөліктері) реципиентке трансплантацияға қолдануға болады». Демек, кез-келген биологиялық өліммен қайтыс болған адам донор бола алмайды. Әр түрлі ақпарат құралдарында таралған, «кез-келген қайтыс болған адамның органдары медицина қызметкерлері тарапынан алынады»

сынды қауесеттер, этикалық нормаларға қайшы және қоғамда адамдарда донорлыққа қарсы теріс көзқарас қалыптастыруда. Адамда мидың өлімі медициналық қызметкерлер тарапынан анықталған жағдайда ғана, донор бола алады. Мидың өлімі дегеніміз – адамның миы жұмыс істеу процесін тоқтатады, бірақ реанимация шараларының көмегімен жүрек қызметі, қан айналымы және тыныс алу қызметі жасанды түрде сақталады [8]. Осылайша, адам жасанды аппарат құралдарының көмегімен, органдар қызметін сақтай отырып, өзге адамдарға донор бола алады.

212 баптың, 3 – тармағында адамның тірі кезінде донор болуға қатысты көзқарасы анықталмаған жағдаят қарастырылған: «Адамның тірі кезіндегі ерік білдіруі болмаған жағдайда, жұбайының (зайыбының), ал ол болмаған кезде жақын туыстарының бірінің транспланттау үшін оның ағзаларын (ағзаның бір бөлігін) және (немесе) тіндерін (тіннің бөлігін) алып қоюға өзінің келіспейтіні (келісетіні) туралы жазбаша мәлімдеуге құқығы бар» [6]. Яғни, қайтыс болған адамның жұбайы немесе оның жақын туысқаны шешім қабылдауы тиіс. Бұл, біріншіден, қайғырып отырған адам үшін ақылмен ойлап шешім шығаратын кезең болмауы мүмкін. Екіншіден, өзге индивидтің дене мүшелеріне қол сұғуға рұқсат беруге шешім қабылдау психологиялық-моральдық тұрғыда ауыр. Үшіншіден, ешқандай адам қайтыс болған адам үшін шешім қабылдай алмайды. Сондықтан, көпшілік адамдар қайтыс болған туыстарының донор болуына келіспейді. Себебі, қоғамда ағза донорлығына қатысты әр түрлі тұжырымдаманы ұстанатын тұлғалар бар. Биоэтикалық принциптің үшінші қағидаты бойынша «жеке тұлғаның дербестігі» әр тұлға өзіне байланысты шешімдерді өз еркімен, автономды түрде қабылдауы тиіс. Жеке тұлға үшін өзге адам шешім қабылдай алмайды, сондай-ақ жеке тұлғаның жақын туыстары немесе достары ақыл-кеңес бере алады және жеке тұлғаны ақпараттандыра алады. Жеке тұлғаның адами құндылығы биологиялық, құқықтық, этикалық тұрғыда жоғары бағалануы тиіс. [9]

Адамның ағзаларын немесе тіндерін транспланттауды реттейтін негізгі этикалық қағидаттарды төмендегідей жіктеуге болады:

Адамның ағза органдары (ағзаның бөлігін) және тіндерін (тін бөліктерін) сатуға немесе сатып алуға тиым салынған. Бұл, ҚР № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңының 209 бабымен бекітілген [6]. Сонымен қатар халықаралық «Адам құқығы және биомедицина туралы» CETS N/216 конвенцияда адам органдарын қаржылық мақсатта сатуға немесе сатып алуға тиым салынған [10]. Себебі, органдарды сату немесе сатып алуда, әлеуметтік жағдайы төмен топ өз денсаулықтарына зиян келтіруі әбден мүмкін. Екіншіден, «адам саудасы», «қара базар» сынды заңға қайшы орталықтардың пайда болуына жол бермеу. Үшіншіден, әлемдегі

дамыған елдер үшін, дамудан артта қалған, мешеу елдер «арзан қол – қара базар орталығы» немесе «медициналық зерттеу тәжірибиесінің орталығына» айналу мүмкіндігі өте жоғары.

Тірі донордан ағза органдарын транспланттау тек ерікті болуы шарт. Сондай-ақ тірі донор реципиентпен генетикалық байланыста болуы міндетті. Мұны этикалық комиссия құрамы зерттейді [6]. Этикалық комиссия құрамы реципиент пен донор арасындағы генетикалық байланысты құжаттар арқылы нақты зерттеуі қажет, себебі, туыс емес адамдардың донор болу мәселесі, органдарды сату, сатып алу мәселесін туындатады.

Әлеуетті донор денсаулығына қатысты туындайтын қиындықтар жайлы толық ақпараттандырылуы қажет [6].

Орган трансплантациясы донор өміріне моральды, психологиялық, биологиялық тұрғыда қауіпті болған жағдайда тыйым салынады.

Биоэтикалық принцип міндетті түрде сақталуы шарт. «Жақсылық жаса», «зиян келтірме» принциптеріне донор, реципиент, дәрігер сүйенуі тиіс. Яғни, бір адамның өмірін ұзарту үшін, екінші бір адамның өмірін өмір сүруді қамтамасыз ететін процедуралардан айыруға болмайды [7].

Денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және өзге де қызметкерлеріне донор және (немесе) реципиент туралы мәліметтерді жария етуге тыйым салынады [6].

Транспланттау үшін органдарды алуды жүзеге асыратын тұлғаға, бас миының біржола семуін растауға қатысуға тыйым салынады [6].

Донорлық органдарды бөлуде жекелеген топтардың (адамның) артықшылығы немесе арнайы қаржыландыру мәселесі туындамауы тиіс.

Донорлық органдарды бөлуде үш қағидат басты назарда болуы шарт: донор мен реципиенттің иммунологиялық сәйкестігі (HLA), реципиент жағдайының дәрежесі және күту парағының кезегі.

Моральдық тұрғыда донор ретінде келесі топ өкілдерін: әлеуметтік қорғалмаған, яғни баспанасыз, психиатрлық клиника пациенттерін, балаларды, экономикалық дамудан артта қалған мемлекет тұрғындарын пайдалануға жол берілмейді [10].

Қорытынды

Орган донорлығының құқықтық-этикалық аспектілерімен қоғамды ақпараттандыру өте маңызды. Еліміздегі кез-келген тұлға орган донорлығына қатысты туындайтын кез-келген сұраққа жауап таба алуы тиіс. Себебі, орган донорлығымен әлемдегі барлық адамзат бетпе-бет келеді. Орган донорлығының құқықтық және этикалық қағидалары биоэтикалық принциптер қағидатына және халықаралық «Адам құқығы және биомедицина

туралы» конвенцияға, ҚР № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексіне қарама-қайшы келмеуі тиіс.

Орган донорлығы және трансплантология барысында аталмыш биоэтикалық принциптер сақталуы тиіс: зиян келтірме, жақсылық жаса, жеке тұлғаның дербестігі, әділеттілік. Донор мен реципиент және трансплантолог арасындағы байланыста толығымен биоэтикалық принцип сақталуы міндетті.

Қоғамда донор-реципиент-трансплантолог арасында биоэтикалық және құқықтық нормалардың сақталуы трансплантологиялық оталар санын көбейтуге, күту парағының кезегін жылжытуға, донор-реципиент-трансплантолог арасындағы ресми, этикалық, коммуникациялық қарым-қатынасты ретті, дау-дамайсыз шешуге септігін тигізеді. ҚР № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі еліміздегі орган донорлығына қатысты құқықтық нормаларды реттеуде маңызды.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Кабанова, С. А., Богопольский, П. М.** Пересадка почки: история, итоги и перспективы. Трансплантология. 2015;(2):49–58. [Текст]. [Электронный ресурс]. – https://www.jtransplantologia.ru/jour/article/view/46?locale=ru_ru

2 **Meirelles, J.** Liver transplantation: history, outcomes and perspectives. 01.01.2015. [Текст]. [Электронный ресурс]. – <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25993082/>

3 **Wijdicks, E. F.** Diagnosis of brain death / E.F. Wijdicks // N Engl. J. Med. – 2001. – Vol. 344, № 16. – P. 1215–1221.

4 **Иванюшкин, А. Я., Юдин, Б. Г., Попова, О. В., Резник, О. Н.** Первая клиническая пересадка сердца в истории отечественной и зарубежной медицины. Вестник трансплантологии и искусственных органов. 2017;19(3):104-115. [Текст]. [Электронный ресурс]. – <https://journal.transpl.ru/vtio/article/view/786>

5 History of lung transplantation. J Thorac Dis. 2017 Dec; 9(12): 5458–5471. [Текст]. [Электронный ресурс]. – <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5757055/>

6 ҚР № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі. 07.07.2020. [Текст]. [Электронный ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>

7 **Юдин, Б. Г., Тищенко, П. Д., Иванюшкин А. Я., и др.** Биоэтика: принципы, правила, проблемы. – М. : Едиториал УРСС, 1998. – 470 с. – С. 10–20.

8 Смерть мозга. Уолкер А. Э. – Практическое пособие. – М. : Медицина, 1988. – 288 с. – С. 156.

9 **Иванюшкин, А. Я., Игнатьев, В. Н., Коротких, Р. В. и др.** Введение в биоэтику : Учебное пособие. – М. : Прогресс-Традиция, 1998. – 381 с. – С. 30.

10 Convention for the protection of Human Rights and Dignity of the Human Being with regard to the Application of Biology and Medicine: Convention on Human Rights and Biomedicine. 25.03.2015. [Текст]. [Электронный ресурс]. – <https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/216>

References

1 **Kabanova, S. A., Bogopolskiy, P. M.** Peresadka pochki: istoriya, itogi i perspektivi. Transplantologiya. 2015;(2):49–58. [Текст]. [Elektronniy resurs]. [Kabanova S.A., Bogopolsky P.M. Kidney transplant: history, results and prospects. Transplantology. 2015;(2):49-58.] [Text]. [Electronic resource]. – <https://www.jtransplantologiya.ru/jour/article/view/46?locale=ru>

2 **Meirelles, J.** Liver transplantation: history, outcomes and perspectives. 01.01.2015. [Text]. [Electronic resource]. – <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25993082/>

3 **Wijdicks, E. F.** Diagnosis of brain death / E.F. Wijdicks // N Engl. J. Med. – 2001. – Vol. 344, № 16. – P. 1215–1221.

4 **Ivanyushkin A. Ya., Yudin, B. G., Popova, O. V., Reznik, O. N.** Pervaya klinicheskaya peresadka serdtsa v istorii otechestvennoy i zarubezhnoy meditsiny. Vestnik transplantologii i iskusstvennykh organov. 2017;19(3):104–115. [Текст]. [Elektronniy resurs]. [Ivanyushkin A. Ya., Yudin B. G., Popova O. V., Reznik O. N. The first clinical heart transplant in the history of domestic and foreign medicine. Bulletin of Transplantology and Artificial Organs. 2017;19(3):104-115.] [Text]. [Electronic resource]. – <https://journal.transpl.ru/vtio/article/view/786>

5 History of lung transplantation. J Thorac Dis. 2017 Dec; 9(12): 5458–5471. [Text]. [Electronic resource]. – <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5757055/>

6 QR No 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйелерінің кодексі. 07.07.2020. [Матин]. [Elektronniy resurs]. [RK № 360-VI ‘On public health and health care system’ 07.07.2020.]. [Text]. [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>

7 **Yudin, B. G., Tishchenko, P. D., Ivanyushkin, P. D.** Bioetika: printsipy, pravila, problemy. – М. : Yeditorial URSS, 1998. – 470 s. – S. 10–20. [Yudin B. G., Tishchenko P. D., Ivanyushkin A. Y. Bioethics: principles, rules, problems. . – М. : Yeditorial URSS, 1998. – 470 p. – P. 10–20.]

8 Smert mozga. Uolker A.E. – Prakticheskoye posobiye. – М.: Meditsina, 1988. – 288 s. – S– 8. [Death of the brain. Walker A. E. – A practical guide. – М. : Medicine, 1988. – 288 p. – P. 8.]

9 **Ivanyushkin, A.Ya., Ignat'yev, V. N., Korotkikh, R. V. i dr.** Vvedeniye v bioetiku: Uchebnoye posobiye. - М.: Progress-Traditsiya, 1998. – 381 s. – S. 30. [Ivanyushkin A. Y., Ignatiev V. N., Korotkikh R. V. et al. Introduction to Bioethics: Tutorial. – М. : Progress-Traditsiya, 1998. – 381 p. – P. 30.]

10 Convention for the protection of Human Rights and Dignity of the Human Being with regard to the Application of Biology and Medicine: Convention on Human Rights and Biomedicine. 25.03.2015. [Text]. [Electronic resource]. – <https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/216>

Материал 14.12.20 баспаға түсті.

A. A. Касымова, А. Т. Омарова

Правовые и этические аспекты донорства органов в Республике Казахстан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 14.12.20.

A. A. Kasymova, A. T. Omarova

Legal and ethical aspects of organ donation in the Republic of Kazakhstan

al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 14.12.20.

В данной статье рассмотрены нормативно-этические проблемы между донором и реципиентом в сфере трансплантологии. Проанализированы степень сохранения биоэтических принципов между живым донором и реципиентом, социальное положение донора после трансплантации и процесс его возвращения к нормальной жизни в обществе.

Цель статьи – анализ нормативно-этических вопросов между донором и реципиентом и информирование общества о результатах социологического анализа закона Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI «О здоровье народа и системе здравоохранения». Это связано с тем, что распространяемые в различных СМИ слухи о том, что «органы любого умершего человека изымает медицинский

персонал», противоречат этическим нормам и создают в обществе негативное отношение к донорству.

Данная статья предназначена для разрешения противоречий в общественном мнении относительно донорства органов, формирования положительного общественного восприятия донорства органов, а также для понимания и разрешения биоэтических противоречий между реципиентом-донором-врачом-обществом.

Ключевые слова: донор, реципиент, биоэтика, этические принципы, HLA, трансплантология.

This article discusses the legal and ethical issues between donor and recipient in the field of transplantation. Also, in this article there are analyzed the degree of preservation of bioethical principles between the living donor and the recipient, the social status of the donor after transplantation and the process of his return to normal life in society.

The purpose of the article is to analyze the normative and ethical issues between the donor and the recipient and inform the society about the results of the sociological analysis of the Law of the Republic of Kazakhstan dated July 7, 2020 No. 360–VI «On the health of the people and the health care system». This is due to the fact that rumors spread in various media that «the organs of any deceased person are removed by medical personnel» contradict ethical norms and create a negative attitude towards donation in society.

This article is intended to resolve controversies in public opinion regarding organ donation, to form a positive public perception of organ donation, and to understand and resolve bioethical contradictions between recipient-donor-doctor-community.

Keywords: donor, recipient, bioethics, ethical principles, HLA, transplantology.

SRSTI 06.35.51

<https://doi.org/10.48081/MKVY2599>

Zh. N. Matenova, B. B. Dosskaliyeva

Karaganda Economic University of Kazpotreboysuz,
Republic of Kazakhstan, Karaganda

HOUSING POLICY AS A PRIORITY FACTOR IN THE SOCIAL POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Housing policy at all times and around the world has been one of the most complex, socially contradictory and socially significant problems. Housing policy as a social phenomenon is implemented with great difficulties and is often accompanied by a severe crisis, covering all areas of reformed social life. The social essence of housing policy is carried out in the conditions of state support and control of entrepreneurship, designed to form not only a market for goods and services, but also a market for housing construction. The authors of the article consider housing problems in the country and the mechanisms implemented by the state to provide housing for the population.

Keywords: state housing policy, social policy, population, housing provision.

Introduction

One of the important factors determining the social tone of the state of modern society is the housing issue. Moreover, the effective housing policy of the state is a key element of the system of formation and development of human capital. Therefore, the importance of state regulation of the housing sector leaves no doubt. The housing policy pursued by the State and local government bodies is aimed at providing housing to those in need.

Since 2005, Kazakhstan has adopted six state programs aimed at building housing and improving the accessibility of housing to the population [1]:

- State program for housing construction development in the Republic of Kazakhstan for 2005–2007 years;
- State program of housing construction in the Republic of Kazakhstan for 2008–2010 years;
- Housing construction program in the Republic of Kazakhstan for 2011–2014 years;

- Affordable Housing 2020 program (the program was canceled in 2014 due to the fact that its tasks became part of a new integrated program – Regional Development Program until 2020);

- The program for the development of regions until 2020 (the program was adopted in 2014 and until the end of 2016 included the task «Development of housing construction» with priority of state support for the construction of affordable housing);

- The housing development program of «Nurly Zher» (approved on December 31, 2016).

In addition, the construction of housing was carried out as part of the «Nurly Zhol» State Infrastructure Development Program for 2015-2019, which provided for the allocation of funds from the National Fund of the Republic of Kazakhstan to finance the construction of rental, credit and commercial housing [2]. State programs tested and then developed various mechanisms to support housing construction and make housing accessible to different categories of the population. State programs are implemented by local executive bodies and organizations with the state participation.

The housing development program of «Nurly Zher» is approved by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of December 31, 2016 No. 922. The goal of the Program is to increase the availability of housing for the population [3]. Term of the Program 2017-2021 years. The program of Nurly Zher» united the tasks connected with housing construction and the funds allocated for these purposes earlier in the Development program of regions until 2020 and the State program of infrastructure development «Nurly Zhol» for 2015-2019.

Results and discussion

In five years of implementation of the program of «Nurly Zher» it was planned to enter at the expense of all sources of financing 52.79 million sq.m of housing, including apartment housing – 25.92 million sq.m, individual housing – 26.87 million sq.m. The achievement of the planned indicators led to an increase in the housing stock, which Kazakhstan had at the beginning of 2016, by more than 15 % [4]. The Program planned to improve the living conditions of 1.5 million citizens. The program was successfully implemented.

Within the framework of housing programs, the state plans to solve the following problems:

Objective 1. Increased availability of mortgage lending.

The Program planned to restore the volume of mortgage lending by commercial banks to the level of annual issuance of loans in the amount of 150 billion tenge due to the decrease in activity in the mortgage lending market in 2013–2016 due to high interest rates (15–21 % per annum), limited availability

of mortgage loans. The same occurs with strict banks requirements for borrowers because of changes in legislation. To do this, it is planned to subsidize the interest rate on mortgage loans issued by banks to the population, so that after subsidizing the rate for the final borrower is 10 % per annum. Subsidies are provided only for mortgage housing loans issued by the banks, at a rate of remuneration of not more than 16% per annum.

Since 2017, funds for subsidizing the interest rate on a mortgage loan should be allocated annually from the republican budget [5]. The subsidy will be provided to banks through a financial agent - the joint-stock company Mortgage Organization Kazakhstan Mortgage Company.

The mandatory conditions for participation of the borrower (individual) in the Program are:

- Mortgage housing loan provided for home purchase in the primary market;
- Credit period up to 180 months;
- The availability of funds in the borrower's account in the amount of at least 30 % of the cost of the purchased housing and/or supporting documents on payment of funds to the seller, and/or equivalent additional pledge of residential real estate owned by the borrower or third parties.

The maximum amount of mortgage housing loan to be subsidized is up to 20 million tenge in the cities of Astana and Almaty and up to 15 million tenge in other regions [6]. The maximum subsidy period is 120 months, but no more than the loan period.

Objective 2. Stimulation of housing construction by private developers.

To stimulate the supply of affordable housing by private developers, the Program plans to provide developers with financial resources through expanding their lending by commercial banks. To this end, it is proposed to subsidize the interest rate on loans issued by banks to private developers. Subsidization is carried out only on loans issued by banks at a rate of remuneration not exceeding the level of the base rate of the National Bank of the Republic of Kazakhstan by more than 5 %, valid at the time of the decision on subsidization.

Since 2017, funds for subsidizing the interest rate on loans of developers have been allocated annually from the republican budget. The subsidy is provided through a financial agent – Damu Enterprise Development Fund JSC.

Objective 3. Construction of affordable housing for participants in the system of housing construction savings (including citizens standing in line for housing in local executive bodies).

To solve this problem, several mechanisms are provided for attracting funds to finance the construction of housing for the acquisition of Zhilstroysberbank by investors (this type of housing is called «credit housing» in the Program):

1) Issuance by local executive bodies of securities (bonds) with a circulation period of up to 2 years with payment of coupon interest of 0.15% per annum twice a year;

2) Preferential lending to private developers through placement in banks conditional deposits (deposits) for up to 5 years by the National Management Holding «Baiterek», Real Estate Fund «Samruk-Kazyna»;

3) Raising funds of international financial organizations under corporate guarantees by the National Manager of Baiterek Holding to finance the construction of energy-efficient housing using new technologies.

The first mechanism is the financing of housing construction by local executive bodies at the expense of a bond loan, is proposed in the Program as the main one. The Government of the Republic of Kazakhstan has the right to allocate loans from the national budget to local executive bodies for the implementation of housing construction projects for participants in the housing construction savings system at a rate of 0.01 % per annum [7]. The allocated funds are intended for reuse for new construction projects. The funds of JSC «National Managing Holding» Baiterek, «JSC» National Wealth Fund «Samruk-Kazyna» are used to buy back securities of local executive bodies.

When selecting housing projects declared for consideration, priority is given to industrial housing projects. To this end, as well as to increase the number of housing introduced under the Program, it is planned to develop model projects for small-sized housing using industrial house building technology.

To ensure the specified cost of housing and increase the volume of construction, local executive bodies have the right to use the mechanism of public-private partnership. In such projects, the developer builds residential buildings with built-in non-residential commercial premises, social facilities and/or additional floors with the right to sell apartments at market prices.

The involvement of developers by local executive bodies is carried out through a competition according to the rules for public procurement. A private developer must have a land plot on ownership, land use, intended for housing construction, free of encumbrances, provided with engineering and communal infrastructure or for which it is planned to provide engineering and communal infrastructure according to the master plan and the draft detailed planning of the settlement [3]. The developer should also have design and estimate documentation for construction with a positive conclusion of a comprehensive non-departmental examination. The developer must agree to provide security in the form of a pledge of land, unfinished construction and design estimates.

At least 50 % of housing built at the expense of local executive bodies is provided to citizens standing in line for housing in local executive bodies and at

the same time being investors in Zhilstroysberbank. The rest of the housing is provided to investors of Zhilstroysberbank. Housing is provided to citizens by acquiring it through housing loans, accumulated housing and construction savings and/or own funds.

Objective 4. Establishment of a rental-housing fund for socially vulnerable segments of the population.

To provide housing to citizens who are in line for housing in local executive bodies and belong to socially vulnerable segments of the population, the Program provides for targeted transfers to regional budgets, budgets of Astana and Almaty. With these funds, local executive bodies should carry out the construction of housing with a limited area of apartments and a limited cost - up to 180 thousand tenge/m² in the cities of Astana, Almaty, Atyrau, Aktau; up to 140 thousand tenge/m² in other regions (without the cost of providing the built-up territory with engineering communications) [5].

Built housing belongs to the communal housing stock and is provided to citizens belonging to socially vulnerable categories of the population for rent without the right to buy back. In 2017, 25 billion tenge were allocated for the construction of 2,697 apartments with a total area of 150 thousand m².

In order to meet the established limits on the cost of housing, local executive bodies have the right to build rental housing using public-private partnership mechanisms (see task 3).

Objective 5. Development of individual housing construction.

As part of this task, it is planned to continue financing the construction of engineering and communal infrastructure for individual construction. For this, funds will be allocated annually from the republican budget, which will provide about 40 thousand land plots with water and electricity networks. Communication for heat, gas supply, water disposal (sewage), telephonisation, installation of intra-quarter roads and driveways should be carried out at the expense of the local budget.

Sites for individual housing construction should be allocated to arrays in accordance with approved master plans and detailed planning projects. It also provides for the free distribution by local executive bodies of standard projects for the construction of low-rise residential buildings [2].

The priority of this part of the Program is the construction of individual residential buildings in a single architectural style. It is planned to implement pilot projects for the construction of individual housing in a single architectural style in regional centers through a single developer, followed by the sale of individual houses to citizens in line for land for individual housing construction. For the construction of individual houses, the technologies of house-building plants, as well as local construction materials will be used.

To finance the construction of individual houses through a single developer, local executive bodies have the right to use funds raised by issuing debt securities (see description of objective 3). A single developer has the right to attract a subsidized loan (see description of objective 2).

The cost of an individual house in the pilot project should not exceed 120 thousand tenge/m² (excluding the cost of engineering and communal infrastructure). When selling a built house, the total cost includes the costs of utility infrastructure. Citizens standing in line for a land plot and participating in a pilot project have the right to buy a finished house with a land plot and supplied communal infrastructure independently or get a loan from Zhilstroysberbank for its purchase. Loans of Zhilstroysberbank for this purpose will be provided at reduced interest rates (up to 5 % per annum) at the expense of a state subsidy. The land, on which the individual house is located, is provided to the pilot project participant in a long-term temporary reimbursable land up to full payment of the purchased house [1]. After that the land with the house are transferred to the property.

Objective 6. Provision of rental and commercial housing.

As part of this task, in 2017-2019, the areas of housing construction provided for earlier by the State Program «Nurly Zhol» and the Program for the Development of Regions until 2020 were completed:

1) In 2017–2019, the construction by local executive bodies of rental housing for citizens registered with local executive bodies and young families was completed at the expense of funds provided from the republican budget;

2) In 2017–2018, the construction and acquisition of rental housing by the Kazakhstan Mortgage Company was completed at the expense of funds previously allocated from the National Fund of the Republic of Kazakhstan [8]. It was done with the subsequent provision of housing for rent with redemption to citizens in line with local executive bodies and belonging to socially vulnerable categories of the population (the redemption period is up to 20 years);

3) In 2017, Baiterek Development JSC completed the construction of a rental and credit housing, initiated under the «Nurly Zhol» Program. Housing is provided to citizens registered with local executive bodies for rent with redemption (the term of redemption is up to 20 years), as well as ownership of investors of Zhilstroysberbank [3];

4) In 2017–2018, the Samruk-Kazyna Real Estate Fund completed financing for the construction of commercial housing and rental housing by private developers with subsequent redemption (the redemption period is up to 15 years) [9].

A Program member cannot sell the accommodation, built under Objective 6, within two years of its acquisition.

Objective 7. Support for shared housing construction.

To implement the mechanism to guarantee equity deposits of participants in shared housing construction, the Program provided for the capitalization of the Housing Construction Guarantee Fund in 2017 for tenge. The Housing Construction Guarantee Fund makes qualification requirements for participants in shared construction on financial stability, experience and introduces mechanisms for monitoring the targeted use of equity holders' money [6].

Under housing construction projects secured by the guarantee of the Housing Construction Guarantee Fund, Zhilstroysberbank has the right to lend to depositors for the purchase of housing on the security of claims under equity agreements.

Conclusion

The acquisition of housing in ownership is a primary need for each family, a social priority of society. The realization of this need of citizens is considered as the most important socio-political and economic problem. The ability of citizens to participate in the process of improving housing conditions is determined primarily by their level of well-being and financial opportunities. The good state of the construction industry in Kazakhstan and its regions will positively affect the economy and development, providing an influx of investments. The choice of certain approaches to solving the problem of affordable and comfortable housing depends on the general scale and pace of housing construction, the well-being and well-being of people, their moral and physical well-being, satisfaction with the authorities and the state.

References

- 1 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2016). Statisticheskij ezhegodnik «Kazakhstan v cifrah». Dostupno po ssylke: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publicationsCompilations?lang=en&_afLoop=5181912470394420#%40%3F_afLoop%3D5181912470394420%26lang%3Den%26_adf.ctrl-state%3D191fqptz4t_4
- 2 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2017). Statisticheskij sbornik «O zhilishchnom fonde Respubliki Kazakhstan v 2016 godu», Astana.
- 3 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2016). Statisticheskij sbornik «Investicionnaya i stroitel'naya deyatel'nost' v Respublike Kazakhstan 2011–2015», Astana.
- 4 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2016). Statisticheskij sbornik «ZHilishchno-kommunal'noe hozyajstvo, 2012-2016». – Astana, 64 s.

5 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2016). Statisticheskij sbornik «Kazakhstan v cifrah», Astana.

6 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2016). Statisticheskij sbornik «ZHilishchno-kommunal'noe hozyajstvo 2009-2011», Astana.

7 Respublika Kazakhstan, Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ekonomiki (2017). Statisticheskij sbornik «ZHilishchnyj fond Respubliki Kazakhstan v 2016 godu», Astana.

8 Monitoring ekonomiki Kazakhstana. Veb-sajt: <http://ranking.kz>

9 The Statistics Committee of the Ministry of Economy of the Republic of Kazakhstan. Veb-sajt: <http://stat.gov.kz/>

Material received on 14.12.20.

Ж. Н. Матенова, Б. Б. Доскалиева

Тұрғын үй саясаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының басым факторы ретінде

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Материал 14.12.20 баспаға түсті.

Ж. Н. Матенова, Б. Б. Доскалиева

Жилищная политика как приоритетный фактор социальной политики Республики Казахстан

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза,
Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 14.12.20.

Тұрғын үй саясаты барлық уақытта және бүкіл әлемде ең күрделі, әлеуметтік-қайшылықты және әлеуметтік маңызы бар проблемалардың бірі. Тұрғын үй саясаты әлеуметтік құбылыс ретінде үлкен қиындықтармен жүзеге асырылады және көбінесе реформаланатын әлеуметтік өмірдің барлық салаларын қамтитын ауыр дағдарыспен бірге жүреді. Тұрғын үй саясатының әлеуметтік мәні тек тауарлар мен қызметтер нарығын ғана емес, сонымен қатар тұрғын үй нарығын да қалыптастыруға арналған кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және бақылау жағдайында жүзеге асырылады. Мақала авторлары елдегі тұрғын үй проблемаларын және халықты

тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін мемлекет жүзеге асыратын тетіктерді қарастырады.

Кілтті сөздер: мемлекеттік тұрғын үй саясаты, әлеуметтік саясат, халық, тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Жилищная политика во все времена и во всем мире была одной из самых сложных, социально-противоречивых и социально значимых проблем. Жилищная политика как социальное явление, осуществляется с большими трудностями и часто сопровождается тяжелейшим кризисом, охватывая все сферы реформируемой социальной жизни. Социальная сущность жилищной политики проводится в условиях государственной поддержки и контроля предпринимательства, призванного сформировать не только рынок товаров и услуг, но и рынок жилищного строительства. Авторы статьи рассматривают жилищные проблемы в стране и механизмы, реализуемые государством для обеспечения населения жильем.

Ключевые слова: государственная жилищная политика, социальная политика, население, обеспечение жильем.

<https://doi.org/10.48081/QGHI3794>

Т. Н. Пупышева, Е. А. Пунтус, Б. К. Кадиров

Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

АДАМ КАПИТАЛЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: СҰРАҚТЫ ТҰЖЫРЫМДАУ

Мақалада институционалдық және функционалдық көзқарас талдау, адами капитал. Институционалдық тәсіл негізгі құрылымдар мен жүйелерді, институционалдық матрицаларды, сондай-ақ адами капиталды өндіруге және көбейтуге әсер ететін тұрақты тетіктерді зерттеуге бағытталған. Адам капиталы орындайтын функцияларға негізделген функционалдық тәсіл. Аралас еларалық көрсеткіш – адам дамуының индексі сипатталған. Адами капиталды анықтайтын және оны тиімді басқаруға, жинақтауға және дамытуға мүмкіндік беретін корпоративтік мәдениетке назар аударылады. Зияткерлік капитал, денсаулық және білім беру капиталы сияқты адами капиталдың құрамдас бөліктері талданады.

Кілтті сөздер: адам капиталы, адам дамуының индексі, зияткерлік капитал, корпоративтік мәдениет, институционалдық тәсіл, функционалдық тәсіл.

Кіріспе

Адам капиталына қойылатын талаптарды белгілеудегі және оның дамуы үшін жалпы жағдай жасаудағы шешуші рөл мемлекетке тиесілі. Бұл мемлекет тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық дамудың кепілі болып табылатындығына байланысты. Сонымен бірге, ол адами капиталдан барынша пайда алады.

Энтони Гидденс 1985 жылы «Ұлттық мемлекет және зорлық-зомбылық» атты еңбегінде ұлттық мемлекеттің әкімшілік биліктің иесі ретіндегі рөлін ерекше атап өтті [1]. Сонымен бірге, дәл осы билік мемлекетке адами капиталды дамыту үшін ресурстар береді.

Адами капиталды дамытудың әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық және экономикалық нәтижесі бар. Адами капиталды дамытудың әлеуметтік нәтижесі әлеуметтік капиталдың көрсеткіштеріне қатысты халықтың

әлеуметтік стратификациясы жүйесіндегі өзгерістерге әкеледі, сонымен қатар жеке жұмысшылардың, еңбек ұжымдарының және тұтастай ұйымның мәдениетін дамытуда көрінеді. Адами капиталды дамытудың әлеуметтік-экономикалық нәтижесі-бұл қоғамның кәсіби саралануын өзгерту арқылы қоғамның әлеуметтік құрылымын жетілдіру, бұл жұмысшылардың кәсібилігін арттыруға және жұмыссыздықты азайтуға әкеледі. Адами капиталды дамытудың экономикалық нәтижесі жұмысшылардың еңбек тиімділігінің артуы, олардың кірістерінің артуы, қызметкер жұмыс істейтін ұйымдардың кірістерінің артуы, сондай-ақ аймақ пен тұтастай қоғамның кірістерінің өсуімен салық түсімдерінің артуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің ел экономикасын жаңғырту жөніндегі бастамасы жаңғыртусыз және елдің адами капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттырусыз жүзеге асырылуы қиын. Бұл көптеген мәселелерді шешумен қатар, адами капитал теориясын, оның құрылымдық элементтерін, экономикалық жүйенің жаңа түрі аясында оның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және тиімді қамтамасыз ету тетіктерін қайта қарастыруды қамтиды.

Зерттеудің нысаны: адами капитал.

Зерттеудің пәні: адам капиталын зерттеудің теориялық-әдіснамалық тәсілдері.

Мақсаты: адами капиталды зерттеудің кешенді әдіснамасын сипаттаңыз.

Міндеттері:

- адами капиталды талдауға институционалдық көзқарасты сипаттау;
- адами капиталды талдауға функционалдық көзқарасты сипаттау;
- осы тәсілдерге кешенді талдау жүргізу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Бүгінгі таңда адами капиталды зерттеуге, оны талдауға және болжауға деген қызығушылық артып келеді. Осыған байланысты бұл мәселені зерттеу әдістемесі ерекше мәнге ие. Адами капиталды неғұрлым толық зерттеу үшін ол оның көріністерінің көп өлшемділігін, оның институционалдық және функционалдық өлшемдерінің тұтастығын және әлеуметтанулық және экономикалық талдау әдістерін жан-жақты қолдануға негізделуі керек. Бұл сипаттамалық және салыстырмалы әдістерді қолдану кезінде мүмкін.

Американдық экономист Дуглас Солтүстік Сессил [2] әлеуметтік институттарды байлықты арттыруға бағытталған әлеуметтік процестерді басқару жүйесі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, институттар жеке адамдар үшін де, жалпы ұйымдар үшін де «ойын ережелерін анықтайды» және сол арқылы пайда табуға мүмкіндік береді. Ол мемлекеттік құрылым

мен экономикалық жүйенің өзара әсерін баса көрсетеді. Мемлекеттік жүйенің қоғамның басқа ішкі жүйелеріне тікелей әсер етуге, оларды модернизациялауға, әлеуметтік процестерді басқаруға және экономиканың дамуын ынталандыруға мүмкіндігі бар.

Мемлекет адами капиталға қоятын негіздемелік талаптар елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, мемлекеттік басымдықтар мен саяси құндылықтарға байланысты. Қазіргі дамыған елдер инновациялық экономиканы, жоғары білікті мамандарсыз, жоғары технологиялық өнімдерсіз, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерсіз дамуы мүмкін емес білім экономикасын дамытуға бағдарланғандықтан, мемлекет «адам қалыптастыратын саланы» дамытуды, яғни білім беруді, ғылымды (оның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды), денсаулық сақтау мен мәдениетті дамытуды қамтамасыз етеді. Ол осы салаларды қаржыландыруды, оларды құқықтық реттеуді және мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды модернизациялаудың институционалдық және құқықтық негіздерін жасайды.

Мемлекет деңгейінде адами капиталды дамытудың институционалдық тетігі оның өндірісі мен көбеюін қаржыландыруды, мемлекеттің, бизнес пен қоғамның өзара әрекеттесу модельдерін әзірлеуді, адами капитал мәселелерін құқықтық реттеуді, сондай-ақ оның дамуына ықпал ететін қоғам институттарын қолдауды қамтиды.

Жеке адамға инвестициялардың негізгі нысандары: білім беруге (барлық деңгейлерге), денсаулыққа, бала тууға, тәрбиелеу мен оқытуға, еңбек ұтқырлығы мен көші-қонға инвестициялар. Ал адами капитал активтерін бағалауда экономикалық әдістер (құндық), сондай-ақ экономикалық әлеуметтану әдістері (табиғи) қолданылады.

Тұтастай алғанда, институционалдық тәсіл базалық құрылымдар мен жүйелерді, институционалдық матрицаларды, сондай-ақ адами капиталды өндіруге және молайтуға әсер ететін тұрақты тетіктерді зерделеуге бағытталған. Бұл тәсіл әлеуметтік институттарды зерттеуге және талдауға ғана емес, сонымен бірге оларды басқару тетіктерінің жұмысын реттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл өзекті, өйткені ол жаһандану жағдайында адами капиталдың үдемелі дамуын анықтайды.

Функционалды тәсіл адам капиталы орындайтын функцияларға негізделген. Сонымен бірге, адам капиталы өндіріс процесінде қолданылатын білім, Дағдылар, қабілеттер, Денсаулық, мотивацияны қамтитын және еңбек тиімділігі мен өндірістің өсуіне ықпал ететін, сайып келгенде жеке табыс өсуіне әкелетін Инвестициялар процесінде қалыптасқан адам жинақтаған ретінде қарастырылады.

